

**«Астрахан ауылының №1 ЖОББМ» КММ 2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысы сәуір айы бойынша аналитикалық есебі.**

**БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН**

**АДАЛ АЗАМАТ**

**ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ**

**“Тәуелсіз және Отаншылдық”**

**“Бірлік және ынтымақ”**

**“Жасампаздық және жаңашылдық”**

**2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні**

**7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні**

**12 сәуір – Ғылым күні**

**15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні**

**18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні**

**23 сәуір – Ұлттық кітап күні**

**Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы**




Мектеп кітапханасында 2 Сәуір халықаралық балалар кітабы күні аясында **"Оқимыз,ойланамыз"** тақырыбында 5 сынып оқушыларымен біргелікте кітапханалық байқау өткізілді. Мақсаты оқушылардың оқуға деген сүйіспеншілігін ояту. Көркем шығарманың мазмұнын зейін қойып таңдауға үйрету. Халық ауыз әдебиетінің туындыларын түсіне білуге баулу және қызығушылықтарын арттыру. Ертегі тыңдау қабілеттерін қалыптастыру,сөздік қорын,байланыстырып сөйлеу,есте сақтау,ойлау қабілеттерін дамыту. Байқау барысында оқушылар берілген сұрақтарға жауап беріп, берілген кітап авторларымен, шығарманың кейіпкерлерін дұрыс тауып белсенділік танытты.



**2 - Дүниежүзілік аутизм күніне** орай 02.04.- 11.04.2025ж аралығында өткізілетін аутизм онкүндігінің жұмыс жоспары " бойынша 2 сәуір күні"Аутизм " жөніндегі ақпараттың стенді жасалды.

Мақсаты: Оқушылардың сыртқы дүниеден оқшауланып, өзімен - өзі болып, іштей сары уайымға салынбаудың, көңіл - күйін түсірмей, түрлі ойындар, тренингтер ұйымдастырып, оқушылармен тығыз байланыс орнату.



**7 сәуір- «Дүниежүзілік денсаулық күніне»** орай 1-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өтті. Мақсаты: Жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажетті бағалы байлық екендігін түсіндіру;



Тақырыбы: **« Өзіңізге және айналаңыздағыларға қауіпсіз велосипед тебуді қалай қамтамасыз етуге болады»**, тақырыбында 1-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өтті. Қауіпсіз велосипед тебудің мақсаты - өзіңіздің және айналаңыздағы адамдардың денсаулығы мен өмірін қорғау, жол-көлік оқиғаларының алдың алу және велосипедті мәдениетті, жауапкершілікпен пайдалану.



**«Кәсіптік бағдар»** бойынша Ақмола облысының білім басқармасы жанындағы **«Жоғары педагогикалық колледж, Щучинск қаласы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны»** мамандар келіп, 9 сынып оқушыларымен кездесу өткізіп, оқуға шақырды және колледждің тиімді жақтарын айтып ақпарат берді.






**«Кәсіптік бағдар»** бойынша Астана қаласынан **«Мағжан Жұмабаев халықаралық жоғары»** колледжі мен **М.Тынышбаев атындағы АЛТ көлік»** колледжінен мамандар келіп, 9 сынып оқушыларымен кездесу өткізіп, оқушыларды оқуға шақырды және колледждің тиімді жақтарын айтып ақпарат берді.



**«Адал азамат»** біртұтас тәрбие бағдарламасы **«Заң және тәртіп»** құндылығы аясында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша Астрахан АПБ жергілікті қызмет бөлімінің учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты **Шарипов Алмаз Юсупович** 7-11 сынып оқушыларына толық ақпарат берді.



Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрлігі 2024-2026 жылдарға арналған су үнемдеу жөніндегі Жол картасының шеңберінде:суға ұқыпты карауды насихаттау және оны үнемдеу бойынша жұмыстар жүргізу;су үнемдеу мәдениетін тәрбиелеу;осыған орай, ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігімен бірлесіп **«Суды үнемде-болашақты сақта»** ауқымды жобасы бойынша су үнемдеу тақырыбында жалпы республикалық ашық сынып сағатын мектебіміздің 3"ә" сынбында өтті.



Аудандық **«Жас ұлан»** әскери-спорттық конкурсы **«Жігер»** және **«Намыс»** спартакиада **«Ұлы жеңіске 80 жыл»** атты патриоттық сайыста 1 орын алып, облыста екінші орын алды.



17 сәуір күні Өндіріс жалпы орта мектебінің аясында Астрахан ауданы бойынша білім бөлімінің ұйымдастырылған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жаңартылған мазмұны және оны ұйымдатырудың ерекшеліктері» атты аудандық семинар-практикум өтті.



«Жол картасы жобасын іске асыру бойынша мектеп балабақша арасындағы сабақтастық және балаларды мектепке даярлау жұмыстарды жетілдіру жүргізілді.